Кемеңгер арманы – кемел ел

Адамзат дамуында әр халықтың өз арнасы бар. Бұл арнаның қаншалықты маңызды, бағалы болмағы елдің ұстанар жолын белгілейтін, халықтың көздер бағытын айқындайтын біртуар тұлғаларының ой кеңістігінен өрістеп жатпақ. Бұл орайда қазақ халқының өзгеге кетер есесі жоқ. Өйткені даналық болмысы жағынан әлемдегі ой алыптарының қай-қайсысымен де иық теңестіре, тарих төрінен орын алған данышпан Абайы бар.



Абай ілімі тек кешегі тарихтың еншісінде қалатын қазақ ойының өткінші өркендеу кезеңі болып қалуға тиіс емес, бүгіннің ұмтылар мақсат-межесі, ертеңнің бағындырған биігі болмағы абзал. Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Абай және XXI ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласында айтылған: «Толық адам» концепциясы, шындап келгенде, өміріміздің кез келген саласының, мемлекетті басқару мен білім жүйесінің, бизнес пен отбасы институттарының негізгі тұғырына айналуы керек», деген ойы бүгінгі елдің Абай армандаған қазақ баласын қалыптастыру жолындағы алға ұстанар бағдарын белгілеп тұр.

Қалың елді өркениет төріне жетелер кемел тұлға – болмысына «ыстық қайрат», «нұрлы ақыл», «жылы жүрек» бекем орнықкан толық адам қалыптасу үшін не істемек керек? Хакім Абайға жүгінсек, «Адам ата-анадан туғанда есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы-жаманды таниды-дағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады. Естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі өзі де есті болады. Әрбір естілік жеке өзі іске жарамайды. Сол естілерден естіп, білген жақсы нәрселерді ескерсе, жаман дегеннен сақтанса, сонда іске жарайды, сонда адам десе болады». Демек, адам баласының қандай болмағы тәрбиеден екен. Ата-ананың тәрбиесі ғана емес, әр адамның өзін өзі қалай тәрбиелеуінде екен. Бүгінгі уақыт үшін аса қажетті, аса маңызды ой. Ойланып қаласың. «Осы біз өз ұрпағымызды, сонымен бірге өзімізді өзіміз қалай тәрбиелеп жүрміз? Тәрбиелеп жүрміз бе?.. Тәрбие жөнін Абайдан іздесек, қандай жол көрер едік?».

«Адам баласының ең жаманы – талапсыз...» дейді ғұлама. Демек, ең керегі талап екен. Ұрпағынды, өзіңді білімді, ойлы, қарекетшіл адамға айналдыруға талаптану, талпыну екен. Ұлы Абайдың бұл ойы – дәл осы күннің өзекті мәселесі. Өйткені жаһанды жайлаған бүгінгі адам баласы заманға лайық білім-ғылымға ұмтылмаса, үйренген ғылымын іске жарату жолын ойланбаса, ойланып тапқан жолын игілікке айналдыру үшін әрекеттенбесе, адамзаттың даму қарқынына ілесе алмай, ескі жұртта аңырып қала бермек. Сіз бен бізге бұл керек пе? Керек болмаса, ұрпағымыздың, өзіміздің бойымызға уақыт үдесінен табылатын білімге, ғылымға, еңбекке талаптану мінезін сіңірмек жөн.

Алайда талаптану көз қызығып, көңіл сүйсінген әр нәрсенің соңынан жүгіре беру болмаса керек. Ондай қылықтың соңы ештеңеге қол жетпей, уақытты зая кетіру болып шығары анық. Уақыттан ұтылып, өкініп отырмас үшін әуелі бойдағы қабілетті танып, соған сәйкес іздену, еңбектену жемісті биікке жеткізбек. Сан саладан жиылып келіп, бір арнада тоғысқан әр адамның жетістігінен тұтастай қоғамның игілігі құралмақ. Демек, әр адам алға ұмтылып, талаптанған сайын, миллиондарды біріктірген қоғам да ілгерілей бермек.

Ал талаптанудағы мақсат не? Данышпан Абай ол мақсатты да айқын көрсетеді:

Сен де – бір кірпіш дүниеге,
Кетігін тап та, бар, қалан!
– дейді.

Демек, Абай үміт еткен әр қазақ баласының парызы туған елге адал ниетпен қызмет ету болмағы ләзім. Өйткені әр адамның мінезінен, ой-ниетінен, іс-әрекетінен, мақсат-мүддесінен қоғамның жолы айқындалады. Қоғамның жолы дегеніміз – бүгінгі сіз бен біз өмір сүріп жатқан Қазақ елінің жолы. Сондықтан да Қазақ елінің өркендеп, кемелденуін ойлаған әр азамат өзін дамытуға, кемелдендіруге ұмтылғаны абзал. Кемелденудегі мақсат – ұлтқа қызмет ету. Ал кемелденудің бір көрінісі – арлы болу, ел ісіне адал болу, қара бастың қамынан халықтық мақсат-мұратты жоғары қою. Адамзаттық даналық биігін бағындырған қазақ кемеңгерінің:

«Пайда ойлама, ар ойла,
Талап қыл артық білуге!» – деп, білімді ар-ұятпен ұштастыруды ұлағат етуінің сыры осында.

Ұлы тұлғаны өзіне ұстаз тұтқан Алаш ардақтысы Ахмет Байтұрсынұлы: «Абайды қазақ баласы тегіс танып, тегіс білуге тиіс», – дегенде, оның көздегені де хакім Абайдың мақсат-мұратын тану, Абайдың өнеге еткен өрісті жолын ұстану болғаны хақ. Ақынның өзі де «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінде: «Мұны жазған кісінің Атын білме, сөзін біл!» – деп айтып өтетіні бар. Демек, халықтың абыз болмысты перзенті өзінің атын шығаруды емес, ойлы сөзі арқылы қалың елі қазағын өркенді жолға бастауды мақсат еткені анық. Ал Абай межелеген мақсатты сіз бен біз ұстана алдық па? Бойымыздағы Абай сынаған кемшіліктерден арыла алдық па?

Өз тұсындағы тірлік көріністеріне зер сала отырып, көңіліне алаң кіретін ойшыл ақынның:

...Қазақтың өзге жұрттан
сөзі ұзын,
Бірінен бірі шапшаң,
ұқпас сөзін.
Көздің жасы,
жүректің қанымменен
Ерітуге болмайды
іште мұзын.

...Адасып, алаңдама жол
таба алмай,
Берірек түзу жолға шық,
қамалмай.
Не ғылым жоқ
немесе еңбек те жоқ,
Ең болмаса кеттің ғой
мал бага алмай, –

деп, жұрт тірлігіне реніш білдіруі, қапалана налуы жайдан-жай болмағаны және түсінікті.

Кемеңгер ақынның алаңы – елдің жайы, елдің бүгінгі халі, ертеңгі орны. Ақын тамыры ортақ болса да, бір-бірімен ұғыса алмай, сөз қуаласып жүрген жұртының келер күніне алаңдайды. Тұтаса жұмылып, ырзық-берекелі жолға түсудің орнына, бірін-бірі тұртпектеп, етектен тартып, кежегесі кейін кеткен халқының келешегін уайымдайды. Бірақ түпсіз қайғыға бой алдырып, сарыуайымға салынбайды. Елді өркендетер жол ғылым-білім мен еңбек екендігін тағы да ойға салады.

Ұлы ақынды алаңдатқан жағдай әлі де маңызды, әлі де өзекті. Демек, біздің ойлануымыз керек-ау, ойланып қана қоймай, Абай үлгі еткен өркендеу жолына түсуіміз керек-ау. Бұл жол елдің дамуына септігі тиетін ғылым жолы, елдің дәулеті артуына үлес қосатын еңбек жолы екені анық. Ендеше, не кедергі?

Кедергі – кезінде ақын Абайдың жанына тыншу бермеген алауыздық, аяқтан шалған бақталастық, ауызбіршіліктің жоқтығы, күпілдек мақтанғойлық, дақпырт қуған даңғойлық, парықсыз пәндық, көреалмаушылық сияқты келеңсіз мінездер. Мінездегі мінді бүгін түзеп, адасқан ойды бүгін оңға бағыттамасақ, жетер жеріміз қайсы? Бұл сұрақтың жауабын да данышпан сөзінен табамыз:

Ел бұзылса, табады шайтан
өрнек,
Періште төменшіктеп,
қайғы жемек.
Өзімнің иттігімнен
болды демей,
Жеңді ғой деп шайтанға
болар көмек.

Сырттансынбақ, қусынбақ,
өршілденбек,
Сыбырменен топ жасап
бөлек-бөлек.
Арамдықпен бар ма екен
жаннан аспақ,
Өзімен өзі бір күн болмай ма
әлек?

Ақын айтар ақыл біреу: топтопқа бөлініп, ел бұзылмау керек. Ел бұзылса, халық қамын ойлаған жақсының жолы жабылып, бар қайраты әрісі әулетінен аспай жүрген пысықтардың жолы оңғарылмақ. Ондай халге жеткен елде «бас-басына би болған өңкей қиқым» өз дәрібін асырған азғантай ғана тобының қамын күйттеп, ынтымақ-бірлікке шақырған аяулының алдын орап, аяғынан шалып, ақырында тұтас елден береке қашпақ.

Елге берекенің құтаюы әр адамның мінез-құлқынан, пиғылниетінен, тірлік-қарекетінен басталмақ. Берекесіздіктің бел алуы да солай. Түптеп келгенде, ортақ өмірдің қандай болмағы сол қоғамдағы әр адамға қатысты. Әр адам өз қоғамы үшін жауапты. Абай сөзімен айтқанда, «Адам баласын заман өсіреді, кімде-кім жаман болса, замандасының бәрі виноват». Демек, заманның қандай болмағы қоғамына, қоғамның қандай болмағы адамына байланысты екен. Ал ел жүгін ыңғына артып, ел мерейін биіктетер азаматқа айналу үшін адам баласы қандай болмақ керек? Оның жауабын да Абай ойынан табамыз:

...Осыны оқып, ойлай бер,
болсаң зерек,
Еңбекті сат,
ар сатып неге керек?
Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті:
Ыстық қайрат, нұрлы ақыл,
жылы жүрек.

Хакім айтқан үш қасиеттің сипатына ойлана қарасақ, қай-қайсысына да сәулелі жылылық тән екенін байқаймыз. Бұл жайт адам баласының бір-бірімен қарым-қатынасында адамгершілік, ізгілік, таза ниеттілік жатуы қажеттігін аңғартады. Сананы жетелер ақыл-ой адам баласына деген ізгі ниетке негізделіп, жұмсалар қайрат жақсылық жолына бағытталып, жүрек жылуы бір-бірімізді бауыр тартуға арналып жатса, айнала дүние күн шуағына бөленгендей өмірге жақындай берерінді ұғасың. Абыз болмысты ақын айтқан қасиеттерге парасат көзімен үңіліп, бойымызға сіңіре білсек, қалың елі, қазағының қамын ойлап, ертеңіне алаң болып өткен данышпан Абай арманының орындалуына, тамшыдай болса да, үлес қосқан болар едік. Ол үшін бірінші кезекте керегі – бір атаның баласындай жұмылып, ел мен жерге қызмет ету, ел бірлігін мақсат тұту. Осынау мақсат жолында:

Біріңді, қазақ, бірің дос
Көрмесең, істің бәрі бос,
– деген кемеңгер сөзі елдікті мұрат еткен әр азаматтың өмірлік Темірқазығына айналса, бірлік жолы берекелі биіктерге жеткізері шүбәсіз.

Сөзіне адамзат ұйыған ұлы Абай ұлағатын ұлықтап, Абай жолын бағдар еткен елдің кемелдік биігіне қол жеткізіп, өркениет төрінен орын алары анық.

Аманжол ӘЛТАЙ,
Филология ғылымдарының докторы

«Кісіге біліміне қарай болыстық қыл...»

Абай ілімінде өмірінің мағынасын түсіндірерлік, қуатының қайнар көзін көрсетерлік, кімге қамқорлық жасап, кімнен қашық болуға, жүрекке, халыққа жол нұсқарлық даналықтың дәнінде «Кісіге біліміне қарай болыстық қыл: татымсызға қылған болыстық адамды бұзады» деуінде ұстамды, ойлы, бекзат әрі білікті-білімді, мәдениетті, әдепті қасиеттерге ие бола тұра, сүтке тойған қозыдай қалып танытса, егер оған жақсылық, қайырым жасасаң, ол қанаттанып, қайраттанып, сені ілтипатпен тебіреніп, алғысын жаудырады, ғұмырын берекелі, көркем іске бағыттайды.

бір көркем жігітке ықыласы ауып үш жүз елу тоғыз түрлі күрес тәсілін үйретті. Жігіт биік дәрежеге жетіп, абыройы асқақтады, бұл елде қандай балуан бар еді, баршасын жықты, жас науша патшаға келіп, жер өбіп тұрып: «Ұстазымның менде тәрбие хақы бар, қуат және өнерде одан артықпын», деді.

Бұл сөз патшаға ұнамады. «Күрестіріңдер!» деп бұйырды. Арена дайындады. Мемлекет қайраткерлері, әмірлер мен уәзірлер, ақсүйектер мен мырзалар жиналды. Жігіт есірік піл сияқты аренаға шығып: «Темірден тау болса да жерінен қопарғаймын», деп дандайсыды. Ұстазы (мұның) күш жағынан артық екенін білді. Ол бір тәсілді бұдан жасырып еді, соны амалға келтірді. Жігіт қорғана алмады. Жігітті көтеріп, ауадан жерге ұрды. Халық шулап кетті.

Сұлтан: «Ұстазына шапан жауып, сыйлық беріңдер», деді. Жігітке: «Сен ұстазыңмен таластың. Одан ештеңе шықпады», деп кінәлады. Жігіт: «Ол менен күш жағынан басым болмады, бәлкім, күрес тәсілінен біреуін жасырып қалған, сол арқылы жеңіске жетті», деді.

Ұстазы: «Бәлі, ол тәсілді бүгін үшін жасырып едім». Өйткені данышпандардың: «Досыңа сондай дәрежеде жәрдем ет, кейін дұшпан бола қалса, сені жеңе алмайтын болсын» деген сөзі бар», деді.

Я болмаса:

Не опа жоқ бұл әлемде,
Не кісі қылмады
жаһанда оны.
Менен оқ атуды үйреніп
кеткен,
Соңында қылды ол
нысана мені.

Адам – жұмбақ, себебі түрлі теріс мінезді (арамдық, залымдық, сөз тасушылық) жасырын ұстайды, бүркемелеп көрсетпейді. Бұ да әлімсақтан бар-ау. Әбу Насыр әл-Фарабидің көрсетуінше, «біз нақты сенімді болмағандықтан жақсы деп ойлап жүрген адамымыз сұмпайы әрі өтірікші болып шығуы мүмкін немесе өзімізді алдап, мазақ етіп жүрген адамды білмей қолдап жүруіміз де ықтимал.

Қай дәуір, қай заман болмасын жақсы қауым, әділетті орта бар. Мұның жай-мәнісін оның «қайсыбір салада оң нәтижеге қол жеткізуге қабілеті мол адам қабілеті жоқ адамға басшы болады» дейтін афоризмі дәлелдейді.

Мейірбан көргенділер жақсылық, қайырым жасауға жаратылысынан бейім. «Жақсылық жасаған адам жасағанын сол сәтте ұмытуға тырыссын. Жақсылық көрген адам оны ешқашан есінен шығармасын», «Адамға жақсылық етсең қарымта күтпе» деп мәлімдейді (Ә.Дербісәлі. Әбу Насыр әл-Фарабидің нақыл сөздері мен ғибратты ойлары. «Egemen Qazaqstan», 08.01.21). Қазақта «Балық берсең байлап бер, басы-көзін шайнап бер» деген ғибратты сөз Фараби ойымен үйлеседі. Жақсылық етсең бәлсінбе, бұлданба, талапкердің мойнына мініп алма, дәметпе дейді. Шындығында, зиялысымақтар өмір бойы істеген жақсылығын тоқылдақтың тоқ-тоқ даусындай көрген сайын қақылдап мазалайды.

1989-1992, 1993-2003 жылдарда Чехия Президенті болған Вацлав Гавел 1990-жылдың 1 қаңтарында Чехословакия халқына арнаған «Біздер уланған моральдық ортада» деген зарлы, мұңлы үндеуінде ешнәрсеге сенуден қалдық, бір-бірімізді жоққа шығарамыз, мойындамаймыз, шын пікірімізді бүркемелеп, орағытып, өтірік айтамыз, өзімшілміз. Махаббат, достық, жанашырлық, байыптылық немесе кешірімпаздық көне заманнан үзілмей келе жатқан терең мағыналылығын жоғалтты, тотаритарлық жүйе мен машинаның құрбаны болдық деп күйініп айтқан.

Айтса айтқандай, Мәшһүр Жүсіптің «Сайтанның саудасы» дейтін мысалында біреу үш бірдей есекке «өтірік-өсек», «жалапәле», «қысастық-қиянат» артып ап, қан базарға екпіндеп бара жатқанда, оның көзтанысы «мұны не істейсің?» деп шошына айтыпты. Сонда ол көр де тұр мұның бәрі пышақ үстінде тарап кетеді депті.

Дәл қазір дөңгеленген дүние беймәлім сойқан індеттің, трагедияның құрсауында. Тұйыққа тірелу, құрдымға жұтылу, азғынтозғын күйге түсу бір адым жерде сияқты. Адамзаттың қасіретке душар болуы – гуманизмнің, патриотизмнің әлсіреуінен бе, әлде дүниеқоңыздықтың, Абайша айтқанда, «бейілі кедей байлардың» өршіп кеткенінен бе, я болмаса елдің алдында жүргендердің «біліміне қарай болыстық қылмай», қулық-сұмдығы мол тоғышар жүгенсіз жалпылдақ қуыршақ сумақайларды қаптатып жібергендіктен бе, әлде ел талқысы мен таразысының құны кеткенінен бе?.. Бұған бір ғана дәлеліміз – вакцина жайында сансаққа жүгіріп қаңғырған жұрттың ақыл-есін жаңылдырған, құлағын сарсытқан қаңқу жел сөздер. Бұл ретте Әл-Фарабидің ой жүгірту қуаты мен жоғары тәжірибелік ақылға ие басшы халықтың көкірек көзін сөз арқылы ашып, жол көрсетуі, ойшылдық қасиеті жоғары дәрежеде болу керек дейді. Ендеше, ел сасқанда көп даңғаза-дабыраға, желөкпелікке берілмей, салиқалы мінез, көркем өнеге танытқаны абзал. Аталарымыздың «қырық жыл тоқшылық жоқ, қырық жыл молшылық жоқ» дегені бар ғой және де Ұлы даланың ұлы қасиеттерін – дәстүрін, тілін, дінін, шаруашылық-кәсібін, өнерін, өнегелі қағидаттарын ұстану, жетілдіру – Мәңгілік Ел өркендеуінің негізгі шарттары.

Абайдың ұлы қағидаты: адам баласының ізгілік жолы, кісілік келбеті, толық адам бейнесі. Абайды «қазақтың жалғызы» деп таныған Әлихан Бөкейхан: «Өзін өзі қасқырша шауып отырған жұртта оқу, шеберлік болмайды» деп шүйілігіп айтқан («Бас қосу турасында» дейтін мақаласынан). Қазір ақылдасу, пікірлесу, тәжірибе бөлісу деген атымен жоқ. Тыңдайтын құлақ, ұғатын зерде, пейіл-құлық та жоқ. Оларға кінә да қоюға болмайды, өйткені аткөпір қоқыстан үйілген материалдардың астында ыңырсып-тұншығып жатыр. Сонда қайдағы шеберлік? «Жыртық ерінге кетік тостаған» деген осы. Ұлттың ұлы суреткері Жүсіпбек Аймауытұлының: «Қазаққа зор кеуде ақсүйектің, ақша жегіш жалтырауық шенеуніктің, сұлу сөзді құрғақ беттің керегі жоқ, адал күшімен өгіздей өрге сүйрейтін жұмысшы керек» дегені XXI ғасырдың төрінде де көкейкесті.

Жинақтай айтқанда, ел боламыз десек еңбекшілдігімен, зейін-зеректігімен, елгезектігімен ерекшеленген естілерге білім-ғылымның, өнер-кәсіптің есігін еркін ашуға тілегімізбен де, жүрегімізбен де, ақ адал ісімізбен де қолдау абзалдық болар еді.

Серік НЕГИМОВ,
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, филология ғылымдарының докторы, профессор